DOI:10.26104/NNTIK.2019.45.557

Кожабаева Д., Омаров Т., Кажиакбарова Р., Сапарбаева К., Курбанов А.

КАНАТ АБУЛХАЙЫРДЫН ПРОЗАСЫНДАГЫ ЧЫНДЫК ЖАНА ОЙДОН ЧЫГАРУУ

Қожабаева Д., Омаров Т., Сапарбаева Қ., Кажиакбарова Р., Курбанов А.

ҚАНАТ ӘБІЛҚАЙЫР ПРОЗАСЫНДАҒЫ АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

Кожабаева Д., Омаров Т., Сапарбаева К., Кажиакбарова Р., Курбанов А.

ПРАВДА И ВЫМЫСЕЛ В ПРОЗЕ КАНАТА АБУЛХАИРА

D. Kozhabayeva, T. Omarov, R. Kazhiakbarova, K. Saparbayeva, A. Kurbanov

THE TRUTH AND FICTION IN KANAT ABULKHAIR'S PROSE

УДК: 882.83.3(2)/891.550.9/811

Макалада казак эгемендик прозасындагы жаш жазуучулардын бири Канат Абулхайырдын чыгармачылыгы тууралуу сөз болот. Анын чыгармачылык фантазиясынын күчү, тематикалык изденүүлөрү, сюжеттик чеберчилиги, улуттук дүйнө таанымына негизделген «Кисен» повести жана «Жыландын өчү» мистикалык повести бүгүнкү күндүн шартында талдоого алынган. «Кисен» окуясында декабрь көтөрүлүшүнө катышкан эки баласын камкордукка алган атанын элеси менен 50 жыл азап чеккен атанын образын салыштырып, анын катачылыгы урпактарынын келечегине залакасын тийгизерин сезет. Талдоодо элдин чыныгы турмушу, адамдардын ортосундагы мамилелер чеберчилик менен баяндалганы айтылат. Макаланын актуалдуулугу эки эмгек тең биринчи жолу илимий жактан талданганында.

Негизги сөздөр: *Канат Абулхайыр, жазуучу, чыгармачылык, эгемендүүлүк доору, адабият, декабрь көтөрүлүшү, миф, проза.*

В статье рассматривается творчество одного из молодых писателей казахской литературы периода независимости Каната Абулхаира. Описывается спектр его творческого воображения, тематические поиски, мастерство при составлении сюжета. Анализируются в сегодняшнем контексте рассказ «Наручники», основанный на национальном мировоззрении и мистический рассказ «Змеиная месть». Сравнивается образ отца, который переживал за своих двух детях, участвовавших в декабрьском восстании в расказе «Наручники» и образ отца, который страдал 50 лет, чувствуя, что его ошибка нанесет вред будущему его потомков в повести «Змеиная месть». Особо рассматривается искусное описание реальной жизни казахов, взаимоотношения между людьми. Актуальность статьи заключается в том, что впервые обе работы подвергаются научному анализу.

Ключевые слова: *Канат Абулхаир, писатель, творчество, эпоха независимости, литература, декабрьское восстание, миф, проза.*

Мақалада тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасында жас жазушылардың бірі Қанат Әбілқайырдың қаламгерлік қыры сөз болады. Оның шығармашылық қиялының қуаты, тақырыптық ізденістері, сюжет құраудағы шеберлігі, ұлттық дүниетанымға негізделіп жазылған «Кісен» әңгімесі мен «Жыланның кегі» мистификациялық хикаяты бүгінгі күн тұрғысынан талданады. «Кісен» әңгімесіндегі Желтоқсан көтерілісіне қатысқан екі перзентін уайымдап ауру болған әке образы мен «Жыланның кегі» повесінде өз қателігі ұрпағының болашағына тигізер зиянын сезіп, 50 жыл азап шеккен ата образы салыстыра қарастырылады. Талдау барысында халықтың шынайы тұрмыс-тіршілігі, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастар шеберлікпен суреттелгені айтылады. Мақаланың өзектілігі екі шығарма да алғаш рет ғылыми тұрғыда талдануында.

Кілт сөздер: *Қанат Әбілқайыр, жазушы, шығармашылық, Тәуелсіздік дәуірі, әдебиет, Желтоқсан көтерілісі, миф, проза.*

The article examines the work of one of the young writers of Kazakh literature of the period of independence, Kanat Abulkhair. The range of his creative imagination, thematic searches, skill in plotting are described. The story "Handcuffs" based on the national worldview and the mystical story "Serpent's Vengeance" are analyzed in today's context. Comparing the image of a father who took care of his two children who participated in the December uprising in the story "Handcuffs" and the image of a father who suffered for 50 years, feeling that his mistake would harm the future of his descendants. The skillful description of the real life of Kazakhs, the relationship between people is especially considered. The relevance of the article lies in the fact that for the first time both works are subjected to scientific analysis.

Key words: *Kanat Abulkhair, writer, creativity, the era of independence, literature, the December uprising, myth, prose.*

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасында сүбелі дүниелер жазылып, ұлттық әдебиет жаңа есімдермен толықты. М.Мағауин, Ш.Мұртаза, Қ.Жұмаділов, С.Асылбек, Ж. Шаштайұлы, Р.Отарбаев, Қ.Түменбай, Н.Ақыш, М.Байғұт, К.Рахымжан, А.Кемелбаева, Ж.Қорғасбек, А.Алтай, Д.Амантай, Д.Рамазан тәрізді аға жазушылардың сапына Лира Қоныс, Алмас Мырзахмет, Әлібек Байбол, Аягүл Мантаева, Бейбіт Сарыбай, Ерболат Әбікенұлы, Мәлік Отарбай, Қанат Әбілқайыр, Қанат Тілеухан сынды жас жазушылар келіп қосылды.

Солардың арасында қаламгерлік шеберлігімен ерекшеленген жазушылардың бірі - Қанат Әбілқайыр. 2014 жылы «Дарабоз» Халықаралық балалар конкурсында «Көршінің қызы» хикаяты үшін бірінші орынға ие болған Қанат Әбілқайыр көпшілік оқырманға алғашқыда балалар әдебиетінің жазушысы ретінде танылды. Оның жазушылық қиялы ұшқыр, сюжеттері шымыр. «Көршінің қызы», «Жынды» хикаяттары мен «Атасының баласы», «Тезектің қабы», «Сүндетбай», «Дыбыс», «Қос бұрым», «Шал», «Соқыр үміт», «Қарға тамыр», «Көбелек», «Сақина» т.б. әңгімелерінен, «Жылан

DOI:10.26104/NNTIK.2019.45.557

кегі» мистификациялық хикаятынан автордың ізденгіштігі байқалады.

«Жас жазушылар шығармаларының ішінен көңілге көбірек қонғаны – Қанат Әбілқайырдың «Текес теріс ағады» атты әңгімелер мен хикаялар жинағы. Әдебиетке енді ғана араласа бастағанына қарамастан Қанаттың қалам сілтесі батыл. Көркем шығарманың сәнін келтіріп, әрін ашатын эстетикалық талаптарды меңгеріп қана қоймай, тосын ой айтып, кейіпкерлерінің тағдырларын шындық шеңберінде түрлендіре отырып, тосын ой айтуға бейім». Бұл пікірді жазушы, ғалым Н.Ақыш «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Эстетикалық биіктер деңгейінен көрінейік» мақаласында білдірген [1].

Ал Әсия Бағдәулетқызы «...Қанаттың бірнеше шығармасын қатар оқығанда, ізденетін, еңбектенетін... жазушылықты шынында мұрат санайтын қаламгерді көріп қуандық. Ол прозаға «нұрлы ақылмен» келетін сияқты. Сюжет құрастыруға шебер, оқырманды қызықты оқиғамен үйіріп әкетуге болатынын біледі. Қысқасы, жазушы қиялының қуаты, тақырыптық ізденістері қуантады» дейді [2].

Әсия Бағдәулетқызы сөз еткен бірнеше шығарманың ішінен біз «Кісен» әңгімесі мен «Жыланның кегі» мистификациялық хикаятын мақалаға арқау етпекпіз. «Кісен» әңгімесі – автордың әлі де еш жерде жарияланбаған шығармаларының бірі. Шығарманың негізгі тақырыбы – Желтоқсан оқиғасының зардаптары. «Кісеннің» осы тақырыпта жазылған басқа да шығармалармен ұқсастығы да, ерекшелігі де бар.

Алдымен ұқсастығын айтар болсақ, «Прописка», «О дүниеден оралған адам», «Жоғалған жұрнақ» т.б. әігімелеріндегідей мұнда да оқиғаның салдары мен зардаптары суреттелген.

Ал ерекшелігі сюжет әкенің көзқарасымен берілуінде. Және бір отбасынан екі бірдей желтоқсаншының шығуы да басқа шығармаларда кездеспейді. Бұл тек сыртқа формасындағы, шығарма бетіндегі көзге түсерлік сипат. Ал тереңіне үңілер болсақ, көркемдік троптар, сюжет пен композицияның шебер қабысуы, стильдік өзгешеліктерді байқаймыз.

Әңгіменің сюжеті ауыр. Бір деммен аз уақытта оқып шығасыз, бірақ сюжеттің сананы езген салмағынан арыла алмай ұзақ жүресіз, оқылуы тез болғанмен, әсері ұзақ.

Бұл шығарманың ең үлкен табысы да сол – толықтай алғанда кейіпкер психологиясы ашылған. Жалпы Қанат Әбілқайыр қысқа жазу шеберлігімен ерекшеленетін жазушы. Соның бір дәлелі жазушының «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған ең қысқа әңгімесі «Тәубе» де детальдар арқылы өзінің бес кейіпкері туралы біраз жайттарды ұғындырады. Әр сөздің, әр сөйлемнің астарында мағына бар:

«Ел «хрущевка» деп атайтын екі қабатты тасбақа үйдің алдында ертеден қара кешке дейін күншуақтап бір шал, төрт кемпір әңгімелесіп отырушы еді.

Бүгін бірі күншуақтауға шыға алмады.

Қарттар ертеден қас қарайғанша қабақтары түнеріп, бір-біріне ләм-мим демей ұзақ қайғырды.

Күн қызарып ұясына батып бара жатқанда үш кемпір еріндерін жыбырлатып, шоқынып жатты. Ал шал болса, қолына балтасын алды...

Далаға шыға алмай қалған әлгі кемпірдің есігінің тас-талқаны шығады, қазір...

Аяйсың... Бірақ, тәубә!» [3].

Бар болғаны осы! Шағын, алайда шымыр!

«Кісенге» қайта оралсақ, әңгіменің тақырыбынан-ақ автордың шеберлігін сеземіз. Кеңес кезеңіндегі мойынға түскен бодандықтың тас бұғауы, тар қапас, тар қамыт деген сияқты түрлі теңеулер айтылып келеді. Ал кеңестік дәуірдің қыспағын көрсететін «кісен» деген теңеу алғаш және сәтті берілген.

«*Екі бірдей желтоқсаншының әкесі, атам Бердіқожаның әзіз рухына бағыштаймын*!» деген автор сөзі «Кісеннің» де қиялдан тумаған дүние екендігінен хабар береді.

Әңгімедегі қарапайым қазақ тұрмысының бейнесі, ауруы асқынып, ажал үзеңгісіне аяғын іліп жатқан шал мен шалының айтарын оның қасқабағынан-ақ сезетін кемпір алғашқы сөйлемнен-ақ ортаға шығады. «Бердіқожа көз қиығын жарына қарай салғаны сол еді, Жібек сүріне-қабына орнынан атып түрегелді.

- Ай, балалар-ай! Әкелеріннің аузына бопыразын салмайсыңдар ма? Кенезесі кеуіп барады ғой. Тез, тез!» [4].

Папиросты бопыраз дейтін Жібек кемпір, Мағжан ақынның «Сүйемін» өлеңіндегі қазан ошақтың айналасында ғана жүрген жар образын еске түсіреді:

Көзінде көк нұры жоқ,
Аузында жұмақ жыры жоқ,
Жалынсыз, усыз құшағы,
Иірілмейді жыландай,
Сөзі де жоқ құрандай,
Білгені – қазан-ошағы.
Жабайы ғана жарым бар,
Неге екенін білмеймін –
Сол жарымды сүйемін! [5, 114-б].

Көркем шығармада автор кейіпкердің мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін, рухани әлемін, оны сыртқы ортамен байланысын ашып көрсету үшін түрлі көркемдік әдіс-тәсілді қолданатыны белгілі. Соның бірін келесі үзіндіден көреміз.

«Бір жұтым түтінге маңдайын терлетіп, буын-буыны босаған Бердіқожа көзін жұмды. Көзін жұмға-

DOI:10.26104/NNTIK.2019.45.557

ны сол еді, салдыр-сұлдыр етіп ашылып жатқан түрменің есігі көз алдына келе қалды. Аяғындағы кісенін сылдырлатып, ақырын баяу басып абақтыға кіріп келе жатыр. Кенет, кенет кеудесінен әлдебір күш итеріп жіберіп, омақаса құлады. Аяғындағы кісенге шалынып жығылған байқұс қайтып түрегелем дегенше, түрменің есігі тарс етіп жабылып, ішінен кілтпен сырт-сырт етіп бекітіліп қалды. Арғы жақтан «әке, әке» деп жанұшыра айғайлаған Гүлнәрдің дауысы естілді. Сол дауыспен қабаттасып «не үшін, не үшін?» деп темір есікті тарс-тарс соқылап жатқан Қасымның жанайқайы құлағын тұндырып жатыр.

Бердіқожа ақсақал құлағын алақанымен бітей қойды. Сонда да анау үн жаңғырып, бұрынғыдан бетер күшейіп барады. Жанын қоярға жер таппаған Бердіқожа басын көтеріп қалып, көзін ашып кеп жіберді. Өз үйі, өлең төсегі. Қазақ радиосында Шәмшінің әні шырқалып жатыр» [4].

Көзін ашып, кемпірі көк түтінін бұрқ еткізіп тұтатып беретін махорка тартуға да шамасы келместен, тек түтіннің иісін құшырлана бір иіскеп алды да талықсып кетеді. Көзі ілінсе, 12 баласын өрбіткен жайбарақат ел қатарлы өмірін селдей бұзған екі оқиға жанын жегідей жейді. Оның бірі Әлжаппар оқиғасы: «Бекең артына бұрылып, тырмаға жалт қарады. Бағана ғана қарға секілді тырмада қонақтап отырған Әлжаппар жоқ. Трактордың үнін өшірді де далаға атып шықты. Тау болып үйілген шөпті жұлмалай бастады. Жоқ, Әлжаппар! Енді Бекең жүгіре жөнелді.

«Бітті, біттім. Аман болса жарар еді. Ұйықтап кетіп, жазым болды-ау, бейшара» [4].

Қараңғы түнде далақтап жүгіріп келе жатқан Бердіқожа әлденеге шалынып жығылды. Сіріңкесін жағып жіберіп қараса, Әлжаппар жатыр тырайып. Тырманың доңғалағы дәл басынан жаныштап өтіпті. Байқұс жігіттің басының мылжа-мылжасы шығып, тіл тартпай кетіпті. Бекең басы ауған жаққа жүгіре жөнелді» [4].

Осы оқиғадан соң, Бекең алты ай темір торлы абақтының ас-суынан дәм татты. Елдің жанашырлығының арқасында, кешірім алғанмен, балалаларының болашағын ойлап, жұртынан көшуіне тура келеді. Алайда жаңа қонысында келесі шырғалаңға тап болады. Ұлы Қасым мен қызы Гүлнәр Желтоқсан оқиғасына қатысып, тергеле бастағанда Бердіқожа әулетінде тағы да тұманды күндер басталады. Алғаш Қасым қыспаққа алынғанда қиналған әке, қызы істі болғанын естіп ағынан қарасы көп шашы бір түнде аппақ құдай болады.

Ұл-қызы ақталып, өзі қос батырдың әкесі атанып жүргенмен де, сол бір қиын күндер ізсіз кеткен жоқ. Тергеушілер туралы сөз болса, «Қасым тісін сықыр-сықыр еткізіп қайрайды. Жақ сүйегіндегі қантамырлары жарып шығардай болып жыбыр-жыбыр ете қалады»; үш күн, үш түн қандалаға толы камераға түскен Гүлнәр «қанмен қоректенетін жәндік көрсе болды, тұла бойы түршігіп, қай қайдағы есіне түсіп, жанын қоярға жер таппай тыпыршып кетеді» [4].

Бұл қиналыс тек екі бала мен әкені ғана емес Жібек кемпірді де мүжіп келе жатыр:

«– Е, бұ еркек деген жаратылыс мұншалық шыдамсыз болар ма, тегі. Сенің көргеніңді мен де көріп едім ғой. Сен жұтқан запыранды мен де жұтып едім ғой, шал-ау. Неге таусыла бересің? Әне, бала-шағаңның бәрі дін аман. Көз алдыңда жүрген жоқ па, құлдыраңдап?! Ел-жұрт «батырдың әкесі» деп төрін береді. Қу басыңа бұдан артық не керек? Шал-ау, айтшы. Айтып өлтірші. Сенің жаныңды қинаған не шер?» [4].

«Қ.Әбілқайыр – қазіргі қазақ әдебиетінде сатира бағытында қалам тартушылардың бірінен саналады. Әбілқайыр қозғамаған тақырыптың өзі жоқ деуге болатындай. Барынша сөзді үнемді қолданып, қысқа да нұсқа жолдармен жеткізуге тырысатын жазушы осы форманы әдейі таңдап алғандай» [6].

«- Аға, әпкем сені өлгелі жатыр деген соң, ұшып жеттік, түнде, - деп қарқылдап күлді Қасым. - Сен де бір қоя тұрмай, қарбалас кезде килігіп. Мәлске обал болатын болды, елуге келгенде жетім қалып...

Баласының кісі өлтірер қалжыңына Бекең езу тартты» [4].

Сол сатира «Кісен» сияқты тағдырлы әңгімеде де осылайша орайын тауып қиюласып жүр. Бұл арада аға жазушы Дулат Исабековен ұқсастық аңғарылады.

Желтоқсан тақырыбына жазылған қандай бір шығарма болмасын, барлығына ортақ бір шешімді байқаймыз. Ол шығарма шешімінде үміт өлмейді, тар қапас пен трагедиялы тағдыр болса да, оқиға соңында қандай да бір жарық сәуле түсіп тұрады. Ол сәуле алдағы атар «Тәуелсіздік» таңының жарық сәулесі еді. «Артына бір қарап қалып еді, Гүлнәрі мен Қасымы түрменің сыртында тұр екен. Екеуінің де аяқ-қолында кісен үзілуге шақ тұрғандай көрінді...» [4].

Әңгіменің финалында Бердіқожаның ұрпағы қапастың сыртында, өзі кінә мен күнәдан ада күйде міңгілік мекеніне аттанды.

Сонымен Қанат Әбілқайырдың «Кісен» әңгімесінде жеке адамдардың қым-қиғаш тағдыры да, бір отбасы арқылы берілген ұлт тағдыры да, қандастар проблемасы да, философиялық-моральдық тартыстар да бар. Әңгіме сонысымен де құнды.

Қанат Әбілқайыр қиялының ұшқырлығы болар, ол мифологиялық бақытта да қалам тербеген. Мифтік тұрғыда ойлау адамзат санасының сәби шағына тән деген тұжырымдар қазір ескіре бастады.

DOI:10.26104/NNTIK.2019.45.557

Тіпті бүгінгі прозадағы көркемдік шындықты игеруде мифтік образдарды пайдалануды арнайы тәсіл етіп алған қаламгерлер бар. Солдардың бірі осы Қ. Әбілқайыр. Оның келесі бір прозалық шығармасы «Жыланның кегі» деп аталады. Оған автордың өзі мистификациялық хикаят деп айдар таққан. Демек, ұлттық әдебиетімізде мифтік дүниетаным түрлі бейнелерге әлі де негіз бола алатынын жоққа шығара алмаймыз.

«Мифология бізге дейінгі культтер тарихына тоқталмай өзінше ірге көтере алмайды. Оның себебі біз жоғарыда айтқан ұлттық танымдарда жатыр. Соған сәйкес, мифтік шығарма жазамын деп ойлаған жазушы міндетті түрде ол культтерден хабары болуы тиіс. Мәселен, бір жазушы ордалы жыланның киесі туралы қалам тергемек болды делік. Ол міндетті түрде қазақ танымындағы үш әлем, соның ішінде жер асты әлемін білуі тиіс. Бағзы замандардағы жылан культінен әбден дерлік хабары болуы тиіс. Оны білмей, ордалы жыланның көші, жылан мен адам арасындағы арбасу деген секілді тақырыптарға бару қиындау. Мифопоэтикалық проза жазбақ болғандарға осыны ескеру керек» дейді Айнұр Төлеу [7].

Мифология ұлттық дүниетаныммен астасып жататынын жоғарыда айттық. «Жыланның кегінде» басты кейіпкер – Бала молда. Оқиға сюжеті Қазақ-қытай шекарасында өтеді. Ал детальдар қазақтың таным-түсінігімен байланысты алынған.

Сақал-мұрты бурыл тартып, жетпістен асқан Бала молда «Күнде бір уақыт шекара бойындағы Текес өзенінің жағасына барып, анау көз ұшында көрінген туған жеріне, балалық бал дәурені зымырап өткен атамекенге, атамекен болғанда да әкесінің сүйегі қалған Жабырдың жалпақ жотасына телміретін де тұратын. Осы бір тұстан бар болғаны отыз-отыз бес шақырым жердегі Тұзкөлге жетіп, Құдай алдындағы күнәсінен арылсам деген арманына жетер күн туар ма? Бала молданың жанына жалғыз осы сұрақ маза бермейтін» [8].

Осы тұста оқырман көз ұшында тұрған, бірақ шекараның арғы жағында қалған туған жеріне өмір бойы жете алмаған Бала молданың, осы кепті киген, яғни арғы беттегі ағайындарымен қатынаса алмай қалған қаншама қандастармыздың тағдырына қынжылады. Сөйтеді де, Бала молданың жанына батқан жалғыз сұрақ не болды екен деген оймен сюжеттің құшағына еніп кетеді.

Автор, «Тұзкөлге жетсе болды, кеш те болса Тәңір Иенің алдында жасаған айыбын жуып-шаюға мүмкіндік алар еді. Бірақ осы үш сағаттық жерге жете алмағанына, міне, елу жыл. Осы елу жылдан бері Бала молданың арманы – Тұзкөлді көзімен бір көру. Тұзкөлде жолығатын біреуі бар еді» деп өз оқырманын одан әрі қызықтыра түседі [8].

Көп ұзамай-ақ, ол «біреудің» – адам емес, мақұлық екендігі, мақұлық болғанда да жер бауырлай ирелеңдеп жүрген жылан екендігі, жыландардың елу жыл бұрынғы басшысы Шах-Мардан екендігі мәлім болады.

Әрі қарай Бала молда қыр басында отырып, өткен күндерін еске түсіруі арқылы мифологиялық сюжет баяндалады.

Табиғат пен тіршілік – адам қиялының қайнар көзі. Әдетте, кез келген миф тарихи тәжірибеге, адамның әлдебір бастан кешкен іс-әрекетіне негізделіп құрылады. Мифтерде, әсіресе, өткен күндердің шын мәнісіндегі тарихи оқиғалары маржандай тізіліп, сабақтаса баяндалады. Сол себептен де, жекелеген халықтардың тарихын зерттеу орайында мифология бірде-бір өнер теңдесе алмайтын құрал болмақ. Мифтерде халықтың шынайы тұрмыс-тіршілігі де, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастар да көрініс тапқан. Ертедегі көшпелілер өздерінің төрт түлік малын отарлап, үйірлеп, табындап, өрістен-өріске айдағанда, түнде ұланғайыр дала аспанының жұлдыздарына көз тігіп, осынау ұшы-қиырсыз кеңістікте бағыт-бағдар алған. Сонымен бірге оларға өздерінше ат қойып, айдар таққан: Темірқазық, Аспан қайығы, Жетіқарақшы, Үркер, Есеккырған… Осылайша әлемнің сыр-сипатын, құрылымын мифологиялық тұрғыдан түсіндіре отырып, адамдардың өмір сүруіне көмектескен.

Бала молданың жылан патшасы Шах-Мардан-мен тілдесуі, Құрманның Күркебайының ұлын жылан шағуы оқиғасы, Шах-Ерден жыланның кек алуы бұл хикаяттың мифологиялық шығарма талаптарына толық жауап бере алатынын көрсетеді.

«Бала молданың туған жерді қиып кете алмай жүруінің ең үлкен себебі бар еді. Осы ерте көктемде Тұзкөлдің Қарасаз беткейіндегі Жыланды сайдың жыландарының тілін буып қойғанды. Жыланның тілін күз келгенде бір-ақ шешетін болып уәделескен. Енді, міне, саясат сол күзге дейін тығылып жүре тұруға мұрсат берер емес» [8].

Міне, осы абзац шығармадағы жұмбақтың мәнін ашады. Бала молда өз елінде ордалы жыланның тілін буып кеткенін, оны ашу үшін саясат кедергі болып, шекарадан өте алмай жүргенін ұғынамыз.

Текестің суынан болды ма, Шах-Марданның уынан ба, ешкімге белгісіз себеппен Бала молданың ажалы жетеді. Ал Тұзкөлдің Қарасаз беткейіндегі жыландардың тілі әлі буулы күйінде қалғанын баяндап хикаяттың та соңғы нүктесі қойылған.

Әдебиеттер:

1. Ақыш Н. Эстетикалық биіктер деңгейінен көрінейік // Қазақ әдебиеті. 2014. – №21 (3289).
2. https://kitap.kz/author/618
3. «Егемен Қазақстан» газеті. Ең қысқа әңгіме. Қанат Әбілқайыр. 15. - Қазан, 2019.

DOI:10.26104/NNTIK.2019.45.557

4. Әбілқайыр Қ. «Кісен» әңгіие. Қолжазба
5. Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар.- Алматы: Раритет, 2005.- 256 б.
6. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. - Алматы: “Print express”, 2017. - 510 б.
7. Айнұр Төлеу. Қазақ прозасына миф керек пе? https: // adebiportal.kz /kz/news/view/19227
8. Қанат Әбілқайыр. Жылан кегі. https://abai.kz/post/48436